

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

Министерство образования и науки Республики Казахстан
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина



**СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДА
«УАҚЫТША ОТБАСЫ» ПИЛОТТЫҚ ЖОБАСЫН ЕНГІЗУ БОЙЫНША
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАМАЛАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ
ПО ВНЕДРЕНИЮ ПИЛОТНОГО ПРОЕКТА «ВРЕМЕННАЯ СЕМЬЯ»
В СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ**

Астана
2018

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды (2018 жылғы 4 желтоқсандағы №12 хаттамасы).

Рекомендовано к изданию решением Ученого совета Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол №12 от 4 декабря 2018 года).

Солтүстік Қазақстан облысында «уақытша отбасы» пилоттық жобасын енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдамалар. Әдістемелік ұсынымдамалар. - Астана:

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2018. – 49 б.

Методические рекомендаций по внедрению пилотного проекта «Временная семья» в Северо-Казахстанской области . Методические рекомендации. - Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2018. – 49 с.

Әдістемелік ұсынымдамалар Солтүстік Қазақстан облысында «Уақытша отбасы» пилоттық жобасын енгізу жағдайларын қарастырады. Бұл жоба, оқу жылының барысында мектеп жасындағы оқушының интернаттық жүйеге баламалы уақытша тұруын ұйымдастыру үлгісі ретінде ұсынылады.

Әдістемелік ұсынымдамалар «Уақытша отбасы» пилоттық жобасын енгізуге қатысушы мамандар мен педагогтерге көмек құралы ретінде әзірленді.

В методических рекомендациях рассматриваются условия внедрения пилотного проекта «Временная семья» в Северо-Казахстанской области, как один из альтернативных вариантов интернатной системы воспитания и обучения детей школьного возраста из отдаленных населенных пунктов.

Методические рекомендации разработаны в помощь специалистам и педагогам, также всем участникам процесса, принимающим участие во внедрении пилотного проекта «Временная семья».

© Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық
білім академиясы, 2018

© Национальная академия образования
имени И. Алтынсарина, 2018

КІРІСПЕ

Еліміздегі білім беру жүйесінің міндеті қазақстандық қоғамның қазіргі заманғы талаптары мен даму перспективаларына сәйкес келетін білім алудың тең дәрежеде қолжетімді болуын қамтамасыз ету болып табылады [1].

Көп жағдайларда ауылдық жерлерде оқыту аумақтық және ақпараттық оқшаулану мен оқушылар және мұғалімдер санының аз болуы жағдайында орын алады. Білім беру, тәрбие, мәдени орталық, сондай-ақ шаруашылықтың өндірістік саласында жұмыспен қамтылған тұрғындардың орнығуына жәрдемдесетін фактор ретіндегі ауылдық мектептің ерекше мәртебесі оның проблемаларына мұқият, ықыласпен қарауды талап етеді.

Шағын жинақты ауылдық мектептер (бұдан әрі – ШЖМ) көптеген елдердің білім жүйесінде бар. Бірқатар дамыған елдерде олар жақсы қаржыландырылады. Әлемдік тәжірибеде ШЖМ проблемаларын шешудің төрт нұсқасын атап көрсетуге болады.

1. «Шағын мектептерді» жабу тәжірибесі, себебі олардың бар болуы мемлекет үшін экономикалық тиімсіз болып табылады (Шығыс Еуропа елдері).

2. Аграрлы сирек қоныстанған аудандар ең кішкентай мектептің өзін сақтап қалуға тырысады (АҚШ).

Басты артықшылық – мұғалімдерді материалдық көтермелеу. Ауылдық «шағын» мектеп мұғалімінің жалақысы қалалық мұғалімге қарағанда екі есе көп.

3. Тұрғын саны аз елді мекендердегі оқушыларды толық жинақты мектептерге тасымалдау (Батыс Еуропа елдері).

4. АКТ технологияларды пайдалану арқылы (Аустралия).

Қазақстанда ШЖМ проблемаларын шешу тәсілдерінің бірқатар артықшылықтары бар. Оқушыларды мектепке тасымалдау арқылы қолдау көрсету, интернаттарда тұруы, тірек мектептерін (ресурстық орталықтарды) құру тәсілімен жүзеге асырылады.

ШЖМ проблемаларын дәстүрлі шешу жолы балаларды интернаттарға орналастыру болып табылады. Сонымен бірге оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің интернаттық жүйесі бірқатар проблемаларға ие, ең алдымен – бұл оқушылардың әлеуметтік бейімделмегендігі.

Біріншіден - бұл балалардың отбасыдан қол үзуі, отбасылық тәрбие, ғасырлық дәстүр құндылықтарын жоғалту.

Балалардың үнемі ұжым жағдайында болуы, оңаша қалуға мүмкіндіктің жоқтығы (тәрбиеленушілердің үлкен тобының бірлесе тұруы, бірлескен оқу және оқудан тыс әрекет) сенімділіктің төмендеуіне, үлкендердің балалармен қарым-қатынас жасауының эмоционалдық жалаңдығына, «Мен» тұлғасының қалыптаспауына және өзге де негативті салдарларға әкеліп соқтыруы мүмкін. Өмірді күн тәртібімен қатаң регламенттеу, баланың мінез-құлқын, іс-әрекеттерін шамадан тыс бағып-қағу үнемі жетелеп жүруді, оның өзін көрсете білуін бағыттау және басқаруды қажет ететін адамды қалыптастыруға алып келеді.

Екіншіден, интернаттарды салуға, жабдықтауға, балалардың тұруына және тамақтандыруына, штатты ұстауға және т.б. жұмсалатын шығындарына байланысты олардың тиімсіздігі. Бүгінгі таңда ШЖМ жанындағы көптеген интернаттар толық жобалық қуатында жұмыс істемейді. Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысында интернаттық жүйеде 1510 бала тәрбиеленуде, олар мектеп жанындағы 57 интернатта тұрып жатыр, бірақ олардың жобалық қуаттылығы 2750 орынды құрайды.

Сонымен бірге, саны аз елді мекендердегі оқушыларды оқыту және шағын жинақты мектептерді қолдау үшін тасымалдау, тірек мектептерінің базасындағы интернаттарда тұру қамтамасыз етіледі.

2017-2018 оқу жылының мәліметтері бойынша Солтүстік Қазақстан облысында 391 ШЖМ жұмыс істейді (20 ШЖМ жабылды), онда 24604 бала білім алады, соның 1585-і біріктірілген сыныптарда оқиды. 2016-2017 оқу жылының қорытындысы бойынша ШЖМ оқушыларының білім сапасы 60,85% құрады. 17 ресурстық орталық сессиялық және сессияаралық кезеңде 43 магниттік ШЖМ-ке (облыстығы барлық ШЖМ 11%-ы) қолдау көрсетеді және оқу-тәрбие процессін сүйемелдейді. ШЖМ және мектептері жоқ ауылдық елді мекендердегі балаларды қамту үшін жалпы білім беретін мектептер жанында 57 мектеп-интернат жұмыс істейді (14 РО жанында және 36 ШЖМ жанында). ШЖМ арасында апатты мектептер жоқ, бірақ 41 мектеп күрделі жөндеуді қажет етеді. Мектебі жоқ ауылдық жерлерде тұрып жатқан 1502 балаға толығымен тасымал ұйымдастырылған (854) және интернатта тұруы (645) қамтамасыз етілген, 3 бала туыстарында тұрып жатыр.

Ең өзекті проблема педагогикалық кадрлардың жетіспеушілігі. Сондай-ақ, тұрғындардың ауылдық жерлерден қоныс аударуы жыл сайын ШЖМ жабылуына әсерін тигізеді. Жұмыс істейтін ШЖМ 48,6%-ның контингенті №1256 қаулысымен кепілдік берілген мемлекеттік нормативке сәйкес келмейді.

Сондай-ақ, интернаттар ауылдық мектеп ғимараттарында, бейімделген тұрғынжайларда орналасқан, бұл өз кезегінде балалардың тұруы үшін қажетті үйдегідей жайлылықты құруды көздемейді.

Сондықтан, мемлекеттік қолдауға зәру оқушылардың 54%-ы интернаттық жағдайда тұруға мәжбүр, басқа баламалы мүмкіндіктері жоқ.

Сондықтан, тұрғындары аз ауылдық жерлердегі балалардың тұруын ұйымдастырудың өзге де ұтымды тәсілдерін қарастыру қажеттілігі туындайды. Солтүстік Қазақстан облысының мамандары әзірлеген «Уақытша отбасы» пилоттық жобасы баланы қабылдауға келісім берген өзге отбасында оқу жылы кезеңінде мектеп жасындағы баланың уақытша тұруын ұйымдастыруды көздейді. Отбасылық тәрбие балаларға психологиялық жайлылықты қамтамасыз етеді, отбасылық жайлылықтың сақталуына септігін тигізеді. Бұл интернат жағдайында балалар қол үзетін орта.

Жобаны енгізу процессін реттейтін мәселелер Солтүстік Қазақстан облысының кешендік жоспарында қамтылған.

Нақты көмек көрсету мақсатындағы пилоттық жобаны енгізу жөніндегі шешім өңірде ШЖМ проблемасын толық зерттегеннен кейін қабылданды. Бұл

ШЖМ дамытудың өңірдегі алдағы уақыттағы стратегиясын анықтауға көмектеседі, оның негізінде ШЖМ қолдау бағдарламасын әзірлеуге болады.

Осы әдістемелік ұсынымдамалар «Уақытша отбасы» пилоттық жобасын енгізу міндетін алдына қойған мамандар мен педагогтерге көмек ретінде әзірленгенін атап өткен дұрыс. Балалардың басқа отбасында уақытша тұруы кезіндегі тараптардың өзара қарым-қатынасын нормативті құқықтық тұрғыдан реттеуге қатысты көптеген өте өзекті сұрақтар бұл ұсынымдамалардан тыс қалып отыр және алдағы уақытта тиісті заңнамалық құжаттарға қажетті өзгерістерді енгізуді талап етеді.

1. Балалардың бөтен отбасыда (туыстық байланысы жоқ) уақытша тұруы бойынша халықаралық тәжірибе.

Шет елдердің тәжірибесіне сүйенсек, балалардың бөтен отбасыда (туыстық байланысы жоқ) уақытша тұруының түрлі түрлері бар. Ең кең таралған нұсқалардың бірі - фостерлі отбасы.

Шетелдік тәжірибеде фостерлі отбасылар олардың дамуындағы бірнеше кезеңдерден өтті: қоғамдық ерікті бастама ретінде, заңды түрде анықталған әлеуметтік мекеме ретінде және қабылдап алған балаға қолайлы жағдай жасауға бағытталған тұрақты және өтпелі әлеуметтік-педагогикалық орта ретінде. Қабылдап алған балалармен әлеуметтік-тәрбиелік жұмыстардың түрлері мен мазмұны қоғамның тарихи, экономикалық және әлеуметтік кезеңдердің жағдайларына байланысты анықталды.

Бүгінгі күні шетелде бала қабылдаушы отбасы баланы әлеуметтендірудің маңызды факторларының бірі және балалар мен жасөспірімдердің өмірлік белсенділігін тиімді ұйымдастыру, олардың мінез-құлқын түзету әдісі ретінде қызмет етеді.

Фостерлі отбасы бала асырап алу, қорғаншылық және қамқоршылық мәселелерін қамтымаған келісім негізінде балаларға белгілі бір уақыт кезеңінде тәрбиелеуді қамтамасыз етеді. Бала фостерлі ата-аналармен туыстық байланысты болмауы керек.

Көптеген шетелдерде жетім балалар фостерлі отбасындатұрады; ата-аналары ата-ана құқықтарынан айырылған балалар, ата-ана құқықтары шектеулі, сот шешімі қабілетсіз деп танылған хабарсыз кеткен, сотталған адам балалары; өмірлеріне, психикалық және физикалық денсаулығына (физикалық, жыныстық және психологиялық зорлық-зомбылыққа ұшыраған балалар) қатер төндіретін отбасылардан шұғыл түрде шығарылған балалар; ата-аналары денсаулығына байланысты тәрбие беріп, асырай алмайтын, сонымен қатар, ата-ананың қамқорлығынсыз қалған, білім беру, емдеу-профилактикалық мекемелерде, халықты әлеуметтік қорғау мекемелерінде немесе басқа да ұқсас мекемелерде тұратын балалар;

18 жасқа толмаған, анасымен бірге 3 жасқа дейінгі балалар; мүгедек балалар. фостерлі ата-аналардың баланы тәрбиелеудің алдында белгілі бір талаптарға сай білімі болуы керек.

Көптеген елдерде, әсіресе АҚШ, Ұлыбритания және Финляндияда, фостерлі ата-ана институты кәсібилендірілген, онда отбасыдағы ата-ананың біреуі денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау немесе білім беру саласына сәйкес білігі ие болуы керек. Қабылдап алушы ата-аналардың бұдан басқа, мысалы Финляндияда, бүкіл ел бойынша бірыңғай бағдарламаға сәйкес (24 сағаттық курс) міндетті білім алуы керек. Фостерлі ата-аналар муниципалды билік немесе мамандандырылған муниципалдық ұйымдар өткізетін лицензиядан өтеді.

Бала қабылдап алған ата-аналар жалақысын алады, уақытша еңбекке жарамсыздық төлемдерін және демалыс алуға құқылы, сонымен қатар материалдық көмек төленіп, салық жеңілдіктері мен балаларды сақтандыру

қамтамасыз етіледі. Фостерлі отбасыларға орналастыру ұзақ және қысқа мерзімді, сондай-ақ толық күн емес немесе қысқа мерзімді кезеңдерде болуы мүмкін.

Орталық және Шығыс Еуропа елдерінде фостерлі отбасылар институты белсенді түрде дамып келеді, ол оларды ЕО-на мүшелікке дайындау үрдіске айналды.

Мына елдерде де ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру туралы елеулі өзгерістер енгізілді. Мысалы, 1995 жылдан кейін Румынияда 50% -дан астам мекемелер жабылды, интернаттар мен балалар үйлеріндегі тәрбиеленушілер саны азайды. Швецияда өзгертілген заңнаманың арқасында, соғыстан кейінгі кезеңде балалар үйі жабылды және 90-шы жылдардан бастап бала күтімі қарайтын оптимальді мекеме болып қалды. Отбасы ең жақсы балаларға арналған мекеме болды. Осындай өзгерістер Еуропадағы басқа елдерінде орын алды. Сонымен бірге, заңнама отбасыларды қамтамасыз ету, әсіресе қиын жағдайдағы отбасыларға көмек көрсетудің қажеттілігін негіздей отырып, белсенді дамыды.

Болгарияда, Польшада, Румынияда және басқа да көптеген елдерде кәсіби фостерлі отбасылар бар, онда баланы отбасына орналастыру туралы келісімнен басқа, еңбек шарты жасалған.

Бұл елдерде бір-бірінен ерекшеленетін фостерлі отбасылардың түрлері бар. Мысалы, Испанияда фостерлі отбасылардың мынадай түрлері бар:

- қарапайым (кейіннен ағайын отбасына оралу үшін) және тұрақты (орналасу мерзімі бойынша);

- әкімшілік (әлеуметтік қызметтер арқылы) және сот шешімі бойынша;

- айрықша білім беру қажеттіліктері бар балаларға (фостерлі отбасыларға арналған) ерекше назар аударылады;

- туыс немесе бөтен(туыс емес) фостерлі отбасылар (қабылдап алушы отбасылар).

Польшада қорғаншылық ұғымы жоқ (қорғаншылық) және фостерлік отбасының үш түрі бар:

- туыс фостерлі отбасы (kinship foster care);

- кәсіптік емес туысты емес фостерлі отбасылар (кәсіптік емес фостерлі отбасы);

- кәсіби фостерлі отбасылар (professional foster care).

Кәсіби фостерлі отбасылар ерекше қажеттілігі бар балалармен жұмыс жасау үшін;

төтенше жағдайлар кезінде уақытша (әдетте 4 айға дейін) орналастыру үшін (соның ішінде мүгедек балалармен);

саны көп балалармен жұмыс істеу үшін жұмыс жасайды.

Кәсіби емес, туыс емес фостерлі ата-аналар міндетті түрде біліктілікті тестілеу, оқыту және сертификаттау тексеруінен өтуге міндетті.

ТМД кеңістігінде фостерлік отбасылардың дамуы баяу қарқынмен жүруде. Осылайша, фостерлік отбасылар Беларусь, Грузия, Ресей, Украинада белсенді түрде дамып келеді, онда үкіметтер қажетті заңнамалық және нормативтік базаны қабылдады, деинституционализацияға қаражат бөлді және

ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастырудың отбасылық нысандарын дамытуға қаражат бөлді, тиімді ақпараттық-ағартушылық насихаттар жүргізілуде.

Алайда, аймақтағы көптеген елдерде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған отбасылық тәрбие берудің бұл түрлері дамымаған. ЮНИСЕФ-тің (2012 ж.) айтуынша, Армения, Әзірбайжан, Қырғызстан, Тәжікстан және Түрікменстанда 3 жасқа дейінгі балалардың отбасыларда тұру мүмкіндігі жоқ. Алты елде (Албания, Белоруссия, Босния және Герцеговина, Македония, Молдова, Ресей, Сербия, Өзбекстан, Украина, Черногория) 3 жасына дейін ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды отбасында тұрғызу жүйесі дамудың бастапқы сатысында тұр. Көп себептердің бірі - ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастырудың отбасылық үлгіні ұйымдастырудың жалпы жетіспеушілігі. Балаларды фостерлік отбасыларға орналастырудағы екінші бір қиындық кейбір балалардан ата-анасы ресми түрде бас тартпағаны немесе ата-ана құқықтарынан айырылмағаны.

Беларусь Республикасында, сондай-ақ бүкіл ТМД аумағында ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы уақытша отбасыда тұрғызу түрі қамқоршылық (қорғаншылық) деп атайды. Қамқоршылар (қамқоршылар) балаға тегін және тиісті кәсіби дайындықсыз жасайды.

Уақытша бөтен отбасыға орналастыру кәсіби алмастырушы отбасы деп аталады, ал Белорусияда отбасының бұл түрі отбасының тәрбиеленушілеріне және дәстүрлі түрде бүкіл әлемде институционалдық ұйымдастырудың жаңа формаларына жататын отбасылық типтегі балалар үйлеріне жатады. Кәсіби ата-ана екінші деңгейлі мұғалімнің жалақысы деңгейінде төленетін мерзімдік еңбек келісімшарт негізінде жұмыс істейді.

Кәсіби қабылдаушы ата-ана кәсіптік білім алып, тәжірибеден өтеді. Жетім балаларға арналған отбасылық ұйымдардың тағы бір түрі Беларусь Республикасында - патронаттық тәрбиемен дами бастады.

Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған кез-келген балаға патронаж баланың құқықтық мәртебесіне қарамастан және балалар мекемесіне орналасқанға дейін жіберілуі мүмкін. Балаға жауапкершілікті патронаттық келісім бойынша жұмыс істейтін қабылдап алушы ата-аналар, балалар мекемелері (Беларусь Республикасында интернаттар) және қорғаншылық мекемелері атқарады.

Осылайша, фостерлік отбасы – балаға туыстық тәрбие мен қамқорлықты, жайлылықты жасау дегенді білдіреді.

Бұл баланы күтіп-бағуға және күтім жасауға жағдайды жасайды. Бұл отбасығы балаға қатынасы үшін «ата-аналық жауапкершілік» берілмейді (ата-аналар мен жергілікті билік органдары бірлесіп жүзеге асырады), бірақ отбасы баланы қорғау және қамтамасыз ету үшін ақылға қонымды қажеттілікке сәйкес әрекет етуге құқылы.

Фостерлік отбасы - бұл балаларды отбасылық ұйымдастыру мәселесін шешу үшін ғана емес, сонымен қатар профилактикалық жұмыс үшін де бағалы отбасылар, және мұндай отбасылар басқа отбасыларға көмекші болып табылады. Фостерлі отбасы мүшелерінің бірде-бір әмбебап үлгісі жоқ, әрбір елде және

аймақтарда өздерінің ерекшеліктері бар және арнайы әлеуметтік функцияларды атқарады.

Сонымен қатар, фострелі көмек тек балаларға ғана көрсетілмейді. Кәсіби отбасы анасы баласына қамқорлық жасағаны сияқты, ментальды мүгедектігі бар немесе денсаулығына байланысты қиындықтарға ұшыраған ересектерге, жалғызбасты қарт адамдарға, дағдарыс жағдайларындағы отбасыларға қамқорлық көрсете алады.

2. «Уақытша отбасы» пилоттық жобасын енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдар

2.1. «Уақытша отбасы» ұғымы түсінігі

«Уақытша отбасы» - бұл оқыту процесі кезінде (бір оқу жылына) тұрғындар саны аз елді мекендерден келген мектеп жасындағы балаларды уақытша тәрбиелеуге қабылдайтын отбасы. «Уақытша отбасы» – баланың (балалардың) ата-анасы болып табылмайтын тұлға (тұлғалар), бірақ олар ата-аналық жауапкершілікті өздеріне алады; олар өздерінің жазбаша келісімімен орналасқан балаға (балаларға) қамқор болады және оны тәрбиелейді.

«Уақытша отбасына» баланы (балаларды) берудің негізі «уақытша отбасына» баланы (балаларды) беру туралы шарт бола алады. Шарт баланы (балаларды) өз отбасына алуға ниетті тұлғалар, ата-аналар немесе баланың (балалардың) заңды өкілдері және «уақытша отбасының» тұрғылықты жері бойынша білім беру ұйымы арасында жасалады. Шарт нұсқасының үлгісі осы әдістемелік ұсынымдамалардың қосымшасында келтірілген.

Баланың (балалардың) тұруына қажетті ақшалай қаражатты және өз отбасына баланы (балаларды) қабылдаған тұлғалардың еңбегін төлеуді «уақытша отбасының» тұрғылықты жері бойынша білім бөлімі жүргізуіне болады.

Балалардың қауіпсіздігі мен заңды құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында «уақытша отбасына» баланы (балаларды) беру Қазақстан Республикасы аумағында тұрақты тұрып келе жатқан Қазақстан Республикасы азаматтарының отбасыларына ғана жүзеге асырылады.

Еліміздегі бала қонақтайтын отбасы және баланы қабылдайтын отбасылардың тәжірибесі бойынша мектеп жасындағы балалар «уақытша отбасына» ата-аналарының немесе олардың заңды өкілдерінің жазбаша келісімі және 10 жастан жоғары балалардың жазбаша келісімі бойынша беріледі [2-5].

2.2. Жоба аясында қарастырылған «уақытша отбасына» баланы (балаларды) беру алгоритмі

Өз отбасына баланы (балаларды) қабылдауға ниетті тұлғаларды таңдау үшін балалар оқитын білім беру ұйымдарында келесі құрамда комиссияны құру ұсынылады: әкімдік маманы (келісім бойынша), мектеп директоры, әлеуметтік педагог, сынып жетекшісі, медициналық қызметкер (келісім бойынша), полиция қызметкері (келісім бойынша), Қамқоршылық кеңесінің мүшесі. Комиссия «уақытша отбасына» кандидаттардың жазбаша келісімімен (білім беру ұйымы басшысының атына еркін түрде) тұрғын үй-тұрмыстық жағдайына тексеру жүргізуі қажет. Тексеру актісінің үлгісі осы әдістемелік ұсынымдардың қосымшасында (2-қосымша) берілген.

Уақытша тұруға балаларды қабылдайтын тараптардың өтініштерін тек баланың (балалардың) тұруына және тәрбиеленуіне жағдайдың бар екендігі туралы комиссияның оң қорытындысын алғаннан кейін қабылдау ұсынылады.

«Уақытша отбасы» болуға кандидаттар өтінішті тұрғылықты жері бойынша білім бөліміне жазады.

«Уақытша отбасына» баланы (балаларды) бала тәрбиелеуде тәжірибесі бар, кәмелеттік жасқа толған тұлғалар ғана қабылдай алады, бұған келесілер кірмейді:

1) сотпен әрекетке қабілетсіз және әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп танылған тұлғалар;

2) сот ата-ана құқықтарынан айырған немесе ата-ана құқықтарын шектеген тұлғалар;

3) өзіне жүктелген міндеттерді тиісінше орындамағаны үшін қорғаншы (қамқоршы), патронатты тәрбиеші міндеттерінен шеттетілген адамдар;

4) егер сот олардың кінәсінен бала асырап алудың күшін жойса, бұрынғы бала асырап алушылар;

5) денсаулық жағдайына байланысты адамның бала асырап алуы, оны қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа, патронатқа қабылдап алуға мүмкіндігі жоқ адамдар;

6) баланы қонақ отбасына ресімдеу кезде қасақана қылмыс жасағаны үшін жойылмаған немесе алынбаған соттылығы бар адамдар;

7) Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабының бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшалары негізінде өздеріне қатысты қылмыстық қудалау тоқтатылған адамдарды қоспағанда, адам өлтіру, денсаулыққа қасақана зиян келтіру, халық денсаулығына және адамгершілікке, жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтары, экстремистік немесе террористік қылмыстары, адам саудасы қылмыстық құқық бұзушылығы үшін соттылығы бар немесе болған, қылмыстық қудалауға ұшырап отырған немесе ұшыраған адамдар [6];

8) тұрақты тұрғылықты жері жоқ адамдар;

9) азаматтығы жоқ адамдар;

10) тіркелген некеде (ерлі-зайыптылықта) тұрмайтын ер адамдар;

11) баланы (балаларды) ресімдеу кезінде қамқорлыққа алынған балаға Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген күн көріс минимумын қамтамасыз ететін табысы жоқ тұлғалар;

12) наркологиялық, психоневрологиялық, туберкулез, тері-венерологиялық диспансерлерде есепте тұрған тұлғалар;

13) отбасына баланы (балаларды) қабылдап алуға мүмкін бермейтін ауруларға шалдыққа тұлғалар (*жобаны жүзеге асыру уақытында Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің №692 бұйрығын пайдалану ұсынылады*) [7].

Баланы (балаларды) өз отбасына алуға ниет білдірген тұлға «уақытша отбасының» тұрғылықты жері бойынша білім бөліміне мына құжаттарды ұсынады:

1) осы әдістемелік ұсынымдамалардың 3-қосымшасында берілген үлгі бойынша баланы (балаларды) алуға ниеттілігі туралы өтініш;

2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (түпнұсқасын көрсету);

3) жұбайының (зайыбы) жазбаша келісімі (егер азамат некеде тұрса, еркін түрде) және 10 жастан асқан балалардың (отбасы мүшелерінің) жазбаша келісімі (білім беру мекемесі директорымен бекітілген);

4) отбасының жиынтық табысының мөлшері туралы анықтама;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрығымен бекітілген нысан бойынша, егер некеде тұрса, тұлғаның, жұбайының (зайыбының) денсаулық жағдайы туралы анықтама, сондай-ақ нарколологиялық, психиатриялық, туберкулез, тері-венерологиялық диспансерлерде есепте тұрмайтынын растайтын анықтамалар [8];

6) тұлғаның қылмыстық құқық бұзушылық жасамағандығы туралы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің анықтамалары;

7) тұрғын үйге меншік құқығын немесе тұрғын үйді пайдалану құқығын растайтын құжаттың көшірмесі.

Өз отбасына баланы (балаларды) қабылдауға ниетті тұлғалардың құжаттарын тексеру үшін «уақытша отбасының» тұрғылықты жері бойынша білім бөлімі жанында комиссия құру көзделеді. Комиссияның құрамына бөлім басшысын, «уақытша отбасы» пилоттық жобасына жауапты маманды, қамқорлық және қорғаншылық органдарының функцияларын орындайтын маманды енгізу ұсынылады.

Жетім балаларды және ата-аналардың қамқорлығынсыз қалған балаларды интернат, балалар үйі жағдайында уақытша тұрғызуды және тәрбиелеуді ұйымдастыру, бала қонақтайтын отбасылар тәжірибесін зерделеу көрсеткендей комиссия қорытындысын дайындап шығарудың оңтайлы мерзімі бес күнтізбелік күн ішінде. Қорытындыда баланы (балаларды) «уақытша отбасына» қабылдаудың мүмкіндігі немесе мүмкін еместігі туралы шешім болуы керек. Сонымен қатар келісім-шарт мерзімінің ұзақтығы белгіленуі қажет, бір оқу жылының барысына жасау тиімді болып табылады.

Балалардың қызығушылықтарына сәйкес келетін жағдайлардан басқа, ағалы-інілі және апалы-сіңлілі балаларды ажыратуға жол берілмеу керек. «Уақытша отбасына» берілген әрбір балаға жеке шарт жасау ұсынылады.

Білім беру ұйымдары «уақытша отбасыларына» психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыруда көмек көрсетуі мүмкін.

Жобада мына жағдаяттарда үшжақты шартты мерзімінен бұрын бұзу мүмкіндігі қарастырылуы керек:

1. Баланы (балаларды) өз отбасына қабылдаған тұлғаның бастамасы бойынша, дәлелді себептер болған жағдайда (ауруға шалдығу, отбасылық және материалдық жағдайының өзгеруі, баламен өзара түсіністіктің жоқтығы, балалармен және олардың ата-аналарымен дау-жанжалдың орын алуы).

2. «Уақытша отбасының» тұрғылықты жері бойынша білім беру органының бастамасы бойынша, баланың (балаларды) тұруы және тәрбиеленуі үшін қолайсыз жағдайлар орын алған кезде.

3. Баланың (балалардың) ата-аналарының немесе заңды өкілдерінің бастамасы бойынша.

«Уақытша отбасының» және баланың (балалардың) ата-аналары немесе заңды өкілдерінің міндеттері мен жауапкершіліктері қатаң регламенттелген болуы қажет.

Баланы (балаларды) өз отбасына қабылдаған тұлға:

1) баланың (балалардың) отбасында болған кезеңінде олардың отбасында тұруы және тәрбиеленуіне қажетті жағдай жасайды, сабаққа дайындалуына қажетті жағдайды ұйымдастырады, күн тәртібін бақылайды;

2) баланың (балалардың) отбасында болған кезеңінде олардың өмірі мен денсаулығы үшін жауапкершілікті өзіне алады;

3) шартта белгіленген мерзімдерге сәйкес баланың (балалардың) ата-аналарына немесе олардың заңды өкілдеріне кешікпей қайтуын қамтамасыз етеді;

4) баланың (балалардың) өміріне және (немесе) денсаулығына қауіп тудырған жағдайлар, оның ауруға шалдығуы, жарақат алуы, медициналық ұйымға немесе ішкі істер органдарына түсуі орын алғанда жиырма төрт сағаттың ішінде білім беру органдарын, баланың (балалардың) ата-аналарын немесе заңды өкілдерін хабардар етеді.

Баланы (балаларды) «уақытша отбасына» беру ата-ананың немесе оның заңды өкілінің баланың (балалардың) құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау бойынша міндеттерін тоқтатпайды және оларды баланы (балаларды) қамтамасыз ету жауапкершілігінен босатпайды. Ата-аналар немесе олардың заңды өкілдері «уақытша отбасына» берілген баланы барлық қажетті заттармен қамтамасыз етулері керек (киім *(маусымдық)*, аяқ киім *(маусымдық)*, кеңсе тауарлары, жеке гигиена заттары, төсек-орын жабдықтары және т.б.) [9,10].

«Уақытша отбасына» берілген баланы (балаларды) бақылаудың келесі құрылымы ұсынылады:

1. Бала (балалар) оқитын білім беру ұйымы (әлеуметтік педагог немесе сынып жетекшісі) оқу жылында төрт рет «уақытша отбасының» тұрғын үй-тұрмыстық жағдайына тексеріс жүргізеді (әр тоқсанның басында).

2. Білім бөлімі тарапынан жылына екі рет (жоба үшін жауапты маман, жартыжылда бір рет).

3. Ата-аналар балаларының жағдайын бақылау мақсатында «уақытша отбасына» келіп тұрады.


Жоба «уақытша отбасының» қаржылай ынталандырылуын қарастырады.

Балалардың басқа отбасында уақытша болуы кезінде ата-аналардың өз балаларын қамтамасыз етуімен қатар, «уақытша отбасының» қызметтеріне қолдау көрсету қажет. Әрбір бала (балалар) үшін ай сайынғы қаржылай төлем көлемін белгілеу ұсынылады (төлем мөлшері қажетті шығындар есебінен белгіленеді, сонымен бірге калькуляция заңнамамен қарастырылған қамқорлық жәрдемақысы 10 АЕК көрсеткішінен аспауы керек).

«Уақытша отбасының» еңбегіне ақы төлеу мүмкіндігін «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» қаулының негізінде мемлекеттік білім беру ұйымдары

тәрбиешілерінің еңбекақысын төлеу үлгісіне баламалы анықтау ұсынылады [11]. «Уақытша отбасына» қаржылай төлем белгіленген жағдайда, тұрғылықты жері бойынша білім бөліміне баланың (балалардың) тұруына бөлінетін қаражатты пайдалану туралы қаржылық есепті (еркін нысанда) ұсынады. Қаржылық есеп баланың (балалардың) ата-аналарымен немесе заңды өкілдерімен келісіледі. Қаржылық есепті оқу жылында төрт рет, әрбір тоқсанның соңында ұсынып отырған орынды болады

1-сурет. Пилоттық жоба аясында қарастырылған «уақытша отбасына» баланы (балаларды) беру алгоритмінің сызба-нұсқасы



ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында білім беру жүйесі жаңғыруда. Отандық білім беруді жетілдіру қажеттілігі бірқатар мемлекеттік басымды міндеттерге байланысты: әлемнің дамыған 30 елі қатарына кіру үшін бәсекеге қабілетті адами капиталды қалыптастыру, әлемдік нарықтық экономика және ашық азаматтық қоғам қажеттіліктеріне сәйкес өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудің деңгейі мен сапасын арттыру.

Шалғайдағы ауылдық жерлердегі балалардың тұруын ұйымдастырудың тиімді механизмдерін және ең ұтымды баламалы тәсілдерін енгізу, олардың нағыз білім алуы үшін жағдай жасауға көмектеседі.

Білім беру үшін оқу жылы барысында балалардың әртүрлі контингентінің тұруын ұйымдастырудың шетелдік және отандық тәжірибесін зерделеу, білім беру саласындағы ықпалдастықты дамыту үшін қосымша мүмкіндіктердің бар екендігін көрсетті. Соның бірі, балаларды уақытша қабылдайтын отбасыларға балалардың тұруына қажетті шығындарын өтеуден бөлек, еңбегіне ақы төлеу мүмкіндігі.

Әдістемелік ұсынымдарда оқу жылының барысында шалғай елді мекендердегі балалардың уақытша тұруын ұйымдастырудың негізгі шарттары анықталды. Аталған пилоттық жобаны енгізу механизмі және жауапты тұлғалардың жұмысын үйлестіру алгоритмі келтірілген.

Ауылдық мектеп, бір жағынан, барлық өзгерістерді өте тез сезінеді, соның ішінде ауыл өмірінде орын алатын қиындықтар. Екіншіден, ауылдың әлеуметтік проблемаларын шешуге елеулі ықпал көрсетуге, айналасында болып жатқан оқиғаларға шұғыл әрекет етуге бейімділігі. Мектептің дамуы оның әлеуметтік ортасымен, өңір тұрғындары арасындағы өзара қарым-қатынас жүйесін жанап өтетін ауылдық социумның тәрбиелік потенциалын пайдаланумен тығыз байланысты.

Өзге отбасында балалардың уақытша тұруының баламалы нұсқасын енгізу мүмкіндігі білім беру ұйымдары жүйесінің кепілдендірілген мемлекеттік нормативіне сәйкес ауылдық шағын жинақты мектептердің жұмысын ұйымдастырудың жаңа тұрақты формаларын қалыптастырады [12]. Сонымен бірге ауылдық мектеп өзінің оқушылар контингентін сақтап қала алады, бұл өз кезегінде олардың жабылуының алдын алуы мүмкін.

Әдістемелік ұсынымдамаларда балаларды тәрбиелеу мен оқытудың интернаттық жүйесіне баламалы нұсқаның бірі ретінде, шалғайдағы елді мекендердегі мектеп жасындағы балаларды қабылдауға келісім берген өзге отбасында олардың оқу жылы кезеңінде тұруын ұйымдастыру мақсатындағы «Уақытша отбасы» пилоттық жобасын Солтүстік Қазақстан облысында енгізудің жағдайлары қарастырылған.

ҚОСЫМША

1 - қосымша

Шарт нұсқасының үлгісі

Баланы (балаларды) «уақытша отбасына» беру туралы КЕЛІСІМ ШАРТ

№ _____ 20 ____ ж. «__» _____

Баланы (балаларды) өз отбасына алуға ниет білдірген тұлғаның тұрғылықты жері бойынша орган, **білім бөлімінің басшысы** тұлғасында

(уәкілетті лауазымдық тұлғаның лауазымы және ТАӘ (бар болған жағдайда),

«уақытша отбасының» өкілі, ҚР азаматы тұлғасында

(толық ТАӘ (бар болған жағдайда), жеке басын куәландыратын куәліктің нөмірі, кім және қашан берді, жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) **ата-анасы немесе заңды өкілі** тұлғасында

төмендегілер туралы осы Келісім шартты жасасты:

1. Келісім шарттың мәні

Ата-ана немесе оның заңды өкілі білім беру процесі уақытында (бір оқу жылы) баланы «уақытша отбасына» береді

(баланың ТАӘ (бар болған жағдайда), туған күні, туу туралы куәліктің №, ЖСН).

2. Білім бөлімінің құқықтары мен міндеттері:

1) «Уақытша отбасына» берілген баланың тәрбиесі мен күтімін, өмір сүру жағдайын бақылауды жүзеге асырады;

2) «Уақытша отбасына» психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бойынша әдістемелік көмек көрсетеді;

3) Баланың өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төнген жағдайда қамқоршылық және қорғаншылық органы баланы «уақытша отбасынан» тез арада алып кету бойынша шаралар қабылдайды.

3. Ата-ананың немес заңды өкілінің құқықтары мен міндеттері:

1) Баланы (балаларды) барлық қажетті нәрселермен қамтамасыз ету;

2) Демалыс күндері, каникулда, мереке күндері баланы (балаларды) алып кету;

3) Баланың (балалардың) «уақытша отбасына» уақытылы келуін қамтамасыз ету;

4) Баланың тұру жағдайын бақылау мақсатында «уақытша отбасына» келу.

4. «Уақытша отбасының» құқықтары мен міндеттері:

1. «Уақытша отбасы» құқылы емес шарттар:

1) Баланы елді мекен, аудан, облыс, Қазақстан Республикасы аумағынан шығаруға;

2) медициналық көмек алу үшін баланың медициналық ұйымға жатқызылған немесе ішкі істер органдарында, қосымша білім беру ұйымдарында болған кездерін қоспағанда үшінші тұлғалардың (жеке және (немесе) заңды тұлғалар) бақылауына баланы қалдыруға;

3) баланы «уақытша отбасына» беру туралы келісім шарттың талаптарын бұзуға.

2. Баланы өз отбасына алған тұлға **міндетті**:

1) баланың отбасында уақытша болу кезеңінде оның өмірі мен денсаулығы үшін жауапкершілікті өзіне алуға, бос уақытын ұйымдастыруға, пайдалы дағдыларға үйренуі үшін қажетті жағдайлар жасауға, қоғамда әлеуметтенуіне, күн тәртібін сақтауға жәрдемдесуге;

2) өз отбасына алынған баланың (балалардың) құқықтарын сақтауға;

3) келісім шарт мерзімі бойы білім мекемелерімен, баланың (балалардың) ата-анасымен немесе заңды өкілімен үнемі байланысты ұстап тұруға;

4) баланың ата-анасы немесе заңды өкілдеріне шарт талаптарына өзгерістер енгізуге негіз болатын фактілер туралы (шығу, тұрғылықты жерін ауыстыру және т.б.) уақытылы хабарлауға;

5) шартта көрсетілген, баланың (балалардың) «уақытша отбасында» болу мерзімі аяқталған соң, баланың (балалардың) ата-анасына немесе заңды өкілдеріне уақытылы қайтуын қамтамасыз етуге;

6) жиырма төрт сағаттың ішінде ата-ананы немесе заңды өкілді, білім беру мекемесін баланың (балалардың) өміріне және (немесе) денсаулығына қауіп тудырған жағдайлар, оның ауруға шалдығуы, жарақат алуы, медициналық ұйымға немесе ішкі істер органдарына түсіп қалғандығы туралы хабардар етуге;

7) баланың құқықтары мен мүдделерін қорғау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының өзге де талаптарын сақтауға **міндетті**.

5. Келісім шарттың күшінде болу мерзімдері

1. Осы шарт _____ кезеңіне жасалды. (кезеңді көрсету)

Ата-анаға немесе заңды өкілге баланы (балаларды) каникул, демалыс және мереке күндері қайтару:

(кезеңді көрсету)

Қол қойылған уақыттан бастап күшіне енеді.

6. «Уақытша патронатқа» беру туралы шартты уақытынан бұрын бұзу мына жағдайларда мүмкін болады:

1) баланы (балаларды) өз отбасына қабылдаған тұлғаның бастамасы бойынша, дәлелді себептер болған жағдайда (ауруға шалдығу, отбасылық және материалдық жағдайдың өзгеруі, баламен өзара түсіністіктің жоқтығы, балалармен және олардың ата-аналарымен дау-жанжалдың орын алуы);

2) «Уақытша отбасының» тұрғылықты жері бойынша білім беру органының бастамасымен, баланың (балалардың) күтімі және тәрбиесі үшін қолайсыз жағдайлар орын алған кезде.

3) баланың (балалардың) ата-аналарының немесе заңды өкілінің бастамасы бойынша.

7. Аталған келісім шартты орындау процесінде тараптар арасындағы дау-жанжал: ол пайда болғаннан кейін, тараптармен келісімге келу мақсатында бір айлық мерзімде қарастырылады, келісімге келмеген жағдайда сотпен шешіледі.

1-тарап
«Уақытша отбасының»
тұрғылықты жері бойынша білім
бөлімі

2-тарап
«Уақытша отбасы»:
ТАӘ (бар болған
жағдайда)_____

Тұрғылықты жерінің
мекенжайы:

_____ ҚОЛЫ

М.О.

20__ ж. «__»

_____ ҚОЛЫ

20__ ж. «__»

3-тарап
Ата-ана немесе заңды өкіл

_____ ҚОЛЫ

20__ ж. «__» _____

«Уақытша отбасының» тұрғын үй-тұрмыстық жағдайын тексеру
актісінің үлгісі

**«Уақытша отбасының» тұрғын үй-тұрмыстық жағдайын тексеру
АКТІСІ**

Тексеруді өткізу күні _____
Тексеру мына мекенжай бойынша жүргізілді

(тексеріс жүргізген тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған
жағдайда), лауазымы) _____
мекенжай және телефон: _____
1. Азамат(ша)

(ТАӘ (бар болған жағдайда), туған жылы)
тұрмыс жағдайына тексеру жүргізді.
Жеке басын куәландыратын құжат _____
Тұрғылықты жері (тіркелген жері бойынша) _____

Нақты тұрғылықты жері _____

Білімі _____

Жұмыс орны _____

Азамат(ша) _____
(ТАӘ (бар болған жағдайда), туған жылы)

Жеке басын куәландыратын құжат _____
Тұрғылықты жері (тіркелген жері бойынша) _____

Нақты тұрғылықты жері _____

Білімі _____

Жұмыс орны _____

2. Тұрғын үй-тұрмыстық жағдайға жалпы сипаттама

Тұрғын үйді пайдалану құқығын растайтын құжат _____

Тұрғын үй иесінің ТАӘ (бар болған жағдайда) _____

Жалпы аумағы _____ (шаршы м.) тұрғын үй аумағы _____ (шаршы
м.)

Тұратын бөлмелер саны _____ тіркелгендер _____ (тұрақты, уақытша)

Тұрғын үйдің тұрмысқа жайлылығы _____
(жайлы жабдықталған, жайсыз, жарым-жартылай жайлы)

Санитарлық-гигиеналық жағдайы _____
(Жақсы, қанағаттанарлық, қанағаттанарлықсыз)

Тұрғын үй туралы қосымша мәліметтер (балаға арналған жеке жатын орны, сабаққа дайындалу, демалу орнының, жиһаздың бар болуы)

3. Бірге тұрып жатқан өзге де отбасы мүшелері:

| Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) | Туған күні | Жұмыс орны, лауазымы немесе оқу орны | Туыстық қатынасы | Ескерту |
|---|------------|--------------------------------------|------------------|---------|
| | | | | |
| | | | | |

4. Отбасының табысы туралы мәліметтер: жалпы сома _____, соның ішінде жалақы, өзге табыстар _____ (жазып көрсету).

5. «Уақытша отбасының» сипаттамасы (отбасында тұлғааралық өзара қарым-қатынас, жеке қасиеттері, қызығушылықтары, балалармен қарым-қатынас жасау тәжірибесі, отбасының барлық мүшелерінің баланы қабылдауға дайындығы)

6. «Уақытша отбасын» құрудың мотивтері

7. Шешім (баланы (балаларды) беру үшін жағдайдың болуы)

(қолы) (инициалдары, тегі) _____

(күні)

Таныстық: _____

(ТАӘ (бар болған жағдайда), күні, «уақытша отбасына» кандидаттардың

ҚОЛЫ

Өтініш үлгісі

Білім бөліміне
азамат(ша))

(ТАӘ және жеке сәйкестендіру нөмірі)

тұрып жатқан мекенжайы бойынша
телефон

Өтініш

Мен,

(ТАӘ, туған жылы)

«уақытша отбасына» _____ баланы
(балаларды)

(баланың (балалардың) ТАӘ (бар болған жағдайда))

қабылдау мүмкіндігі туралы қорытынды беруіңізді сұраймын.

Ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын
мәліметтердің пайдаланылуына келісім беремін.

20__ жылғы

«__» _____

Тұлғаның қолы

Келісім үлгісі

«Уақытша отбасына» баланы (балаларды) қабылдаудың
мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы

КЕЛІСІМ

ТАӘ, туған жылы

ТАӘ, туған жылы

Тұрғылықты мекенжайы:

Отбасының сипаттамасы:

Білімі және кәсіби қызметі:

Денсаулық жағдайының сипаттамасы:

Қорытынды

Білім бөлімінің басшысы, ТАӘ,
күні, қолы
мөр орны

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
2. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы «Патронаттық тәрбие туралы ережені бекіту туралы» №14 бұйрығы.
3. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы «Бала қонақтайтын отбасы туралы ережені бекіту туралы» №402 бұйрығы.
4. Қазақстандағы отбасылық құрылымның жағдайы мен проблемалары: бала қабылдайтын және бала қонақтайтын отбасылардың тәжірибесі: Әдістемелік құрал. – Алматы, 2015. – 152 бет.
5. Патронатная семья в современной России: коллективная монография / под редакцией Ф.Б.Бурхановой. – Уфа: РИЦ БашГУ, 2016. – 276 с.
6. Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі №231-V.
7. Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 тамыздағы «Адамның бала асырап алуы, оны қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа, патронатқа қабылдап алуы мүмкін болмайтын аурулардың тізбесін бекіту туралы» №692 бұйрығы.
8. Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 23 қарашадағы «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттамаларын бекіту туралы» №907 бұйрығы.
9. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы №345-II Заңы.
10. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі.
11. «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы №1400 қаулысы.

12. «Білім беру ұйымдары желісінің кепілдік берілген мемлекеттік нормативін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 21 желтоқсандағы №1256 қаулысы.

МАЗМҰНЫ

| | |
|--|----|
| Кіріс | 3 |
| 1 Балалардың бөтен отбасыда (туыстық байланысы жоқ) уақытша тұруы бойынша халықаралық тәжірибе | 7 |
| 2 «Уақытша отбасы» пилоттық жобасын енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдар | 11 |
| Қорытынды | 16 |
| Қосымшалар | 17 |
| Әдебиеттер тізімі | 24 |

ВВЕДЕНИЕ

Задачей системы образования нашей страны является обеспечение равного доступа к получению образования, соответствующему современным требованиям и перспективам развития казахстанского общества [1].

Обучение в сельской местности часто происходит в условиях территориальной и информационной изолированности и малочисленности учащихся и педагогов. Особый статус сельской школы как образовательно-воспитательного, культурного центра, а также как фактора, способствующего закреплению населения, занятого в производственной сфере хозяйства, требует внимательного, бережного отношения к её проблемам.

Малокомплектные сельские школы (далее – МКШ) распространены во многих странах. В ряде развитых стран они хорошо финансируются. В мировой практике можно выделить четыре варианта решения проблем МКШ.

1. Практика закрытия «карликовых школ», поскольку их наличие является экономически невыгодным для государства (страны Восточной Европы).

2. Аграрные редко населенные районы, стараются сохранить каждую, даже самую маленькую школу (США).

Главное отличие – материальное поощрение учителей. Заработная плата педагога сельской «маленькой» школы в два раза больше, чем у городского педагога.

3. Подвоз учащихся из малочисленных населённых пунктов в полнокомплектные школы (страны Западной Европы).

4. Путём использования ИКТ технологий (Австралия).

В Казахстане подход к решению проблем МКШ имеет ряд преимуществ.

Поддержка осуществляется путем подвоза обучающихся к школе, проживания в интернатах, создания опорных школ (ресурсных центров).

